

**2 БӨЛІМ.**  
**АУДАРМА ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ПРАКТИКАСЫ**  
**САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР**  
**РАЗДЕЛ 2.**  
**ИССЛЕДОВАНИЯ В ОБЛАСТИ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ ПЕРЕВОДА**  
**PART 2.**  
**RESEARCHES IN TRANSLATION THEORY AND PRACTICE**

---

**ӘОЖ 81.33**

**ҒТАХР 16.21.47**

**<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.2.81.033>**

**МО ЯННЫҢ «ӨМІР МЕН ӨЛІМ АЗАБЫ» РОМАНЫНДАҒЫ**  
**ЖЕРГІЛІКТІ ТІЛДІҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ: МӘДЕНИ-**  
**ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ АУДАРМАЛЫҚ ТАЛДАУ**

Дәнкей Б.<sup>1</sup>, Талғатқызы Г.<sup>2</sup>, \*Джельдыбаева Р.Б.<sup>3</sup>

<sup>1</sup> әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup> А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

<sup>\*3</sup> Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ

Алматы, Қазақстан

**Аңдатпа.** Қытайдың көрнекті жазушысы Мо Ян шығармашылығы, әсіресе «Өмір мен өлім азабы» романы қытай қоғамындағы тарихи-әлеуметтік өзгерістердің көпқабатты сипатын және ауылдық кеңістіктің күрделі болмысын ұлттық-тілдік дүниетаным арқылы көркем бейнелеуімен ерекшеленеді. Роман композициясында көрінетін аллегориялық қайта туу, буддистік және мифологиялық таным элементтері, сондай-ақ халықтық тілдік материалдардың мол қамтылуы мәтіннің көркемдік құрылымын тереңдетіп, оны философиялық-антропологиялық деңгейге көтереді. Қайта туу идеясы кейіпкер тағдырын бір ғана уақыт шеңберінде тұйықтамай, ұрпақ ауысуы мен тарихи кезеңдердің сабақтастығын, кінә-жаза, өмір-өлім, әділет-қиянат тәрізді іргелі бинарлық оппозициялардың үздіксіз қозғалысын көрсетуге мүмкіндік береді. Романдағы диалект сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, тұрмыстық-экспрессивті лексика, сондай-ақ халықтық өлең-жыр үлгілері шығарманың ұлттық болмысын танытатын негізгі тілдік-мәдени тетіктер ретінде арнайы талдауды қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты – шығармадағы жергілікті ауызекі тіл бірліктерінің (диалект сөздер, идиомалар мен тұрақты тіркестер, эмоционалды-экспрессивті лексемалар, халықтық жырлар) мәдени-танымдық қызметін анықтау және олардың қазақша аудармадағы ерекшелігін салыстырмалы

тұрғыда сипаттау. Бұл мақсатқа сәйкес жұмыста мәтіндегі тілдік бірліктердің семантикалық құрылымы, бағалауыш-экспрессивтік реңкі, контекстік қызметі және мәдени ишаралық мазмұны айқындалып, түпнұсқа мен аударма арасындағы мағыналық сәйкестігі қарастырылады.

Зерттеу жұмысында бірнеше әдістер қолданылды: концептуалды талдау (мәдени-танымдық ұғымдар мен концепт өрістерін айқындау), семантикалық талдау (мағына компоненттерін және контекстік түрленулерін сипаттау), компаративтік талдау (түпнұсқа-аударма сәйкестігін салыстыру).

Зерттеу нәтижелері ұлттық-мәдени мазмұны қанық бірліктерді аударуда қандай тәсілдердің ұтымды екенін, қай жағдайда мағыналық, көркем мәтіннің тілдік колоритін сақтауда, қандай функционалды баламалар тиімді екенін айқындауға көмектеседі.

**Тірек сөздер:** роман, шығарма, идиома, қытай тілі, жергілікті тіл, ұлттық код, семантика, көркем мәтін

### **Кіріспе**

Қытайдың көрнекті жазушысы, Мо Яннің шығармашылығының ерекшелігі – сыншыл реализмі мен натурализмі. Оның шығармаларының өзегі Қытай қоғамындағы келеңсіздіктер, теңсіздіктер, социалистік режимдегі адам құқығы, адам ақысы, өркениеттер қақтығысы. Дәстүрлі қоғамның өркениет қақтығысы кезіндегі жағдайы, қытай қоғамындағы жабық тақырыптар мысалы, адам етін, маймылды тірідей пісіріп жеу сияқты миф сарындас, бірақ болуы мүмкін деген оқиғаларды жеткізген алғашқы жазушы. Барлық шығармаларында өзі өмір сүрген қоғамның шындығын, саяси-әлеуметтік жағдайын, әділетсіздіктерді ашық жазады. «Өмір мен өлім азабы» романы Қытай коммунистік жүйе орнаған кезеңнен бергі әр түрлі реформаларды коллектендіру, ортақ коммуна т.б. саясаттардың адам жанына салған ауыр жарасы, ауыл өмірін, халықтық дәстүрлерін, діни-мифологиялық түсініктерін және жергілікті тілдік ерекшеліктерін бір кейіпкерді бірнеше түрге ауыстыра отырып суреттейді. Шығармадан тарихи-әлеуметтік жағдаймен қатар, көркем шебер қолданыстағы тілдік құралдар, әсіресе идиомалар мен тұрақты тіркестер, жергілікті диалект сөздерді кейіпкер арқылы жеткізу, ұлттық ойлау жүйесін, моральдық құндылықтар мен мәдени кодтарды көрсетеді. Көріктеуіш құралдар романда ұтымды қолданылған, тарихи жады және рухани құндылықтарды сақтаушы мәдени-танымдық элементтер ретінде қызмет етеді. Олар кейіпкерлердің психологиялық портретін айқындауға, әлеуметтік қатынастарды сипаттауға және ауыл өмірінің рухани-танымдық атмосферасын жеткізуге мүмкіндік береді. Романдағы идиомалардың семантикалық құрылымы және прагматикалық қолданысы тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланыс және когнитивтік модельдердің ерекшелігін ашады.

Қытай тілі әлемдегі ең күрделі тілдерге тобына жатады, олай болатыны қытай тілінде 50 мыңнан астам иероглиф қолданысы бар. «Қытай көп ұлтты

мемлекет hanzu ұлтынан басқа 55 аз санды ұлттар бар. Әр бір ұлттың яғни көпшілігінің өз тілдері бар. Тұрғындардың басым көпшілігі қытай тілін қолданғандықтан қытай тілі мемлекеттегі, әр бір ұлттың арасындағы қарым-қатынас тіліне айналды» [1]. Осы ерекшелігіне байланысты қытай тілінде жергілікті ауызекі тіл немесе диалект сөздерді зерттеу өзекті тақырыптардың бірі. Әсіресе, шығармалар тіліндегі жергілікті сөзқолданыстар, аймақтық ерекшеліктерді сақтау үшін көбіне кейіпкер тілімен, анықтама беріп қолданып отыру үрдісі кеңінен қолданады.

Қытай тілінде жергілікті ауызекі тіл (乡土语言) көркем мәтіндегі дербес әрі көпқабатты тілдік қабат ретінде лингвистика мен әдебиеттануда зерттеліп келеді. Бұл тілдік құбылыс ресми әдеби нормадан тыс қалыптасып, халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, әлеуметтік ортасына, тарихи тәжірибесіне және дәстүрлі дүниетанымына тікелей байланысты қолданысымен ерекшеленеді [2, 341]. Қытай әдеби тілі орталықтандырылған, жеңілдетілген тіл болып саналады. Әр түрлі ұлыстардың жиынтығынан құралған Қытай елінде жергілікті диалектілік ерекшеліктердің айырмасы қатты білінеді. Тек сөйлеу тілінде ғана емес, жазу графикасында да айтарлықтай ерекшеліктер бар.

Қытай көркем әдеби тілінде идиомалар мен тұрақты тіркестер әлеуметтік қатынастардың иерархиялық сипатын және халықтық танымның өзіндік логикасын көркемдік тұрғыдан жеткізудің негізгі құралы ретінде қызмет атқарады. Бұл тілдік бірліктер қытай халқының тұрмыстық тәжірибесін, тарихи жадын, мифологиялық және діни түсініктерін жинақтаған мәдени-символдық кодтар ретінде көрініс табады [3, 75].

Мо Ян шығармашылығы мәдени-танымдық мазмұнның тереңдігімен әрі көпқабаттылығымен ерекшеленеді. Жазушы Нобель әдебиет сыйлығын алғаннан кейін оның туындылары қытай қоғамындағы әлеуметтік трансформация үдерістерін, ауылдық кеңістіктің күрделі болмысын және халықтық дүниетанымның эволюциясын бейнелеуі тұрғысынан халықаралық ғылыми айналымға кеңінен енді. Мо Ян прозасының басты ерекшелігі – магиялық реализм элементтерін қарапайым шебер тілмен, оның ішінде идиомалар мен бейнелі тұрақты тіркестермен ұштастыра отырып, қарапайым халықтың тарихи тағдырын, психологиялық күйін және өмірлік философиясын көркемдік тұрғыдан терең пайымдауы [3, 75]. Мо Ян шығармаларындағы идиомалар тек стилистикалық амал ретінде ғана емес, мәдени жадыны сақтайтын, ұлттық ойлау жүйесін бейнелейтін әрі көркем мәтіндегі когнитивтік құрылымдарды қалыптастыратын маңызды тілдік-мәдени феномен ретінде қарастырылады.

«Өмір мен өлім азабы» романы Мо Ян шығармашылығындағы ең ауқымды әрі идеялық-көркемдік тұрғыдан жоғары саналатын туындылардың бірі ретінде бағаланады. Шығарма тілі, сөзқолданысы, тілдік ерекшеліктері туралы зерттеулер қытай тілінде де көп жазылды. Роман оқиғалары Қытай

Халық Республикасы құрылған алғашқы жылдардан бастап реформалар мен ашықтық кезеңіне дейінгі қытай ауыл өмірінің елу жылдан астам уақытын қамтып, ел тарихындағы күрделі әлеуметтік-саяси өзгерістерді жеке адам тағдырымен байланыстыра бейнелейді. Шығарманың негізгі сюжеті Си Мын НАО есімді жер иесінің алты мәрте – есек, шошқа, сиыр, ит, маймыл және ақырында адам кейпінде дүниеге келуі арқылы өрбиді. Бұл метаморфозалар жүйесі арқылы жазушы ауыл қоғамындағы әлеуметтік әділетсіздікті, билік пен қарапайым халық арасындағы қайшылықтарды, сондай-ақ тарихи өзгерістердің адам санасы мен тағдырына тигізген ықпалын символдық әрі гротесктік формада көрсетеді. Мұндағы қайта туу буддизм мен ежелгі діни таныммен сабақтасып жатыр.

Романда жануарлар бейнесі аллегориялық қызмет атқарып, әрбір қайта туу кезеңі қытай ауылындағы белгілі бір тарихи-әлеуметтік жағдаймен астасып жатады. Аталған көркемдік жүйеде жергілікті идиомалар мен тұрақты тіркестер, көне атаулар айрықша мәнге ие. Олар тек стилистикалық амал ретінде ғана емес, ауыл тұрмысының рухын, халықтық даналықты және дәстүрлі дүниетанымды жинақтаған мәдени-танымдық бірліктер ретінде қызмет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, идиомалар шығарманың ұлттық ерекшелігін айқындайтын, тарихи жады мен мәдени кодтарды сақтаушы әрі жеткізуші көркемдік механизм ретінде қарастырылады [4, 131].

Біз қарастырған мәселе Мо Ян шығармашылығын диалектілік тұрғысынан зерттеген қазақ тіліндегі алғашқы мақалалардың бірі. Сондықтан ғылыми жаңалығы ретінде қытай көркем әдебиеті мен жергілікті ерекшеліктерін қатар қарастырып отыруға тырыстық.

Мо Янның өз айтуынша, роман атауы буддистік сутралардан алынған, ал буддизм іліміндегі алты қайта туу шеңбері Си Мын НАО бейнесі арқылы көркемдік тұрғыдан қайта жаңғыртылады. Бұл бейне ХХ ғасырдың ортасындағы қытай ауылындағы әлеуметтік өзгерістерді, жер иеленуші табының тарихи күйреуін және дәстүрлі құндылықтар жүйесінің ыдырауын философиялық деңгейде түсіндіруге мүмкіндік береді [5, 84].

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Бұл зерттеуде негізгі әдіс ретінде концептуалды талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс тілдік бірліктердің тек сыртқы формасын ғана емес, олардың артында жатқан мәдени, философиялық және танымдық мазмұнды кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді. Романдағы идиомалар арқылы өмір мен өлім, қайта туу, тағдыр, әділет, жазмыш секілді философиялық концептілер ұлттық таным шеңберінде бейнеленіп, фольклорлық таныммен астасып оқырманға қытай халқының әлемді қабылдау үлгісін танытады. Концептуалды талдау арқылы романдағы идиомалардың семантикалық құрылымы, символдық мәні және олардың мәдени-танымдық функциясы жүйелі түрде зерттелді.

Сонымен қатар зерттеуде компаративтік талдау әдісі де қолданылды. Мо Ян романындағы идиомалардың түпнұсқадағы және аудармадағы қолданысын салыстыруға, олардың мағыналық, стилистикалық және мәдени ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Салыстыру барысында идиомалардың семантикалық дәлдігі, эмоционалды-экспрессивтік реңкі, ұлттық-мәдени коннотациясы және аудармада қолданылған трансформация түрлері талданды. Бұл тәсіл мәдени-когнитивтік бос орындарды (cultural gap) зерттеу үшін маңызды болып табылады.

Зерттеуде сондай-ақ семантикалық талдау әдісі пайдаланылады. Ол идиомалардың мағынасы, метафоралық бейнелілігі, халықтық наным-сенімдер мен дәстүрлі мәдени элементтер арқылы көркем мәтіннің танымдық және философиялық мазмұнын ашуға бағытталған. Семантикалық әдістің басты ұстанымдарының бірі мағынасы болғандықтан, талдау кезінде аудармасының мағынасы, идиомаларды аударудағы түсіндірмелері қалай берілетінін, егер толық болмаса, өз жанымыздан қосымша сипаттап көрсетуге тырыстық.

Қосымша ретінде интердисциплинарлық тәсіл қолданылды, ол әдебиеттану, лингвистика, мәдениеттану және аударматану әдістерін біріктіріп, идиомаларды зерттеудің кешенді ғылыми негізін қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл арқылы идиомалардың тарихи, әлеуметтік және мәдени контексті, олардың әдеби мәтіндегі рөлі және аудармадағы трансформациясы терең талданды.

Осы әдістерді біріктіре қолдану Мо Янның «Өмір мен өлім азабы» романындағы идиомалардың мәдени-танымдық сипатын кешенді зерттеуге, олардың семантикалық ерекшеліктерін, тарихи және әлеуметтік мәнін, сондай-ақ аудармадағы интерпретациясын ғылыми тұрғыда анықтауға мүмкіндік берді.

«Өмір мен өлім азабы» романын ағылшын тіліне аудару аударматану ғылымында қалыптасқан классикалық теориялық үлгілер мен қазіргі заманауи тұжырымдамаларға сүйене отырып жүзеге асырылады. Атап айтқанда, П. Ньюмарктың еңбектерінде [6] семантикалық аударма, эквиваленттілік түрлері және мәдени бейімдеу мәселелері жан-жақты қарастырылады. Бұл тұжырымдар романдағы жергілікті тіл ерекшеліктерін, бейнелі сөздер мен тұрақты тіркестерді аудару және түсіндіруде маңызды рөл атқарады.

Л. Венути [7] аудармашының «көрінбейтін» концептісі арқылы доместикация мен форенизация стратегияларының мәдени семантикасын нақты жеткізуді көздейді. Бұл тәсіл жазушы қолданған Шаньдун диалектісін ағылшын тілінде бейнелеуде нақты көрсетеді. Антуан Берман [8] әдеби аударманың этикасына тоқталып, мәдени астарлары мол ұғымдарды аударуда түпнұсқаның рухын сақтау міндетін айқындайды. Осы тұжырымдар романды шетелдік оқырманға жеткізуде шешуші рөл атқарады. Жазушының

шын аты – Гуан Мое. Мо Ян шығармашылығындағы лақап аты, Мо Ян қытай тілінде «үндеме» деген мағынаны білдіреді [кітаптан]. «Көрінбейтін» және «үндеме» концептілерінде өзіндік үндестік болуы мүмкін деген гипотеза ұсынамыз. Дегенмен ол алдағы зерттеулерге арқау болады.

Сонымен қатар, У. Вилсс [9] аудармадағы тілдік және мәдени сәйкестіктерді талдай отырып, интерпретациялық еркіндік пен шектеудің өзара байланысын зерттеді. Бұл зерттеулер романдағы тұрақты тіркестер мен көне архаизм сөздерді аударуда түпнұқалық мағынаны сақтауға көмек болады.

Қытай ғалымдарының зерттеулері шетел әдебиетінің Қытайды қабылдануы мен интерпретациясына бағытталған. 葛浩文 (2014) және 莫言 (2017) еңбектері Мо Ян шығармашылығын, оның ішінде магиялық реализм элементтері мен жергілікті тілдің ерекшеліктерін сипаттайды. 王瑾 (2015) және 汪笑纯 (2022) зерттеулері романдағы мәдени ерекшеліктерді аудару тәсілдерін талдайды. Олар халықтық наным-сенімдер, ауылдық әндер мен көне-диалект сөздерді аудару тәжірибесін сипаттай отырып, Шаньдун мәдениеті мен тұрмысын дәл жеткізудің жолдарын көрсетеді.

张今 (1987) және 吴文安 (2003) зерттеулері көркем аударма мен эстетика арасындағы байланысты қарастырып, түпнұсқаның көркемдік мәнін сақтау әдістерін сипаттайды. Сонымен қатар, романдағы діни-мифологиялық жүйелер («алты қайта туу», Ямаража, Сиырбасы мен Атбас) мәдени контекст ескеріле отырып аударылады. 杨东英 және 郭惠敏 (2014) мәдени феномендерді аудару кезінде семантикалық және коммуникативтік тәсілдерді талдайды, бұл Мо Ян романының мифологиялық элементтерін интерпретациялауға теориялық негіз береді.

周领顺 (2016) зерттеулері ауылдық тілдің аудармасындағы қиындықтарды, оның ішінде диалект сөздер, тұрақты тіркестер мен сарқит сөздерді сипаттайды және мәдени бос орынды толтырудың әдістерін ұсынады. Сондай-ақ, 王笑纯 (2020) және 李秀敏 (2018) халықтық наным-сенімдер мен дәстүрлі әдет-ғұрыптарды аударудағы тәжірибелік стратегияларды қарастырады.

## Нәтижелер

«Өмір мен өлім азабы» романы 2016 жылы Шыңжаң халық баспасынан жарық көрді. Екі томнан тұратын романды Ж. Мұхамедхан мен Д. Әлімақын аударды [11]. Аталған еңбек қытай көркем әдебиетін қазақ оқырманына жақындатуда маңызды рөл атқарып, екі халық арасындағы мәдени-әдеби байланысты нығайтуға елеулі үлес қосты.

Роман атауындағы «生死疲勞» тіркесі буддистік дүниетанымдағы тіршілік иелерінің алты рет қайта туу кезінде үздіксіз «өмір мен өлім» арасында рухани әрі тәндік қажуды білдіреді. Бұл мағына шығарманың негізгі идеясы – қайта туу, тағдыр және төзім концептілерімен тығыз

байланысып тұр. Кейіпкердің бастапқы қарсылық пен ашу-ыза күйінен біртіндеп тағдырға мойынсұнуы роман тақырыбының философиялық мазмұнын тереңдете түседі [6].

Аудармашылардың кітапты «Өмір мен өлім азабы» деп беруі түпнұсқадағы мағыналық өзекті дәл әрі сәтті жеткізген шешім. Қазақ тіліндегі «азап» лексемасы «қасірет», «жан қиналысы», «үздіксіз күйзеліс» сияқты семантикалық мағыналарды сақтай отырып, романдағы тоқтаусыз рухани және физикалық шаршау идеясын нақты жеткізеді.

Роман оқиғалары Шаньдун өлкесіндегі Гауми аймағына қарасты Доң би ауылында өрбиді. Аталған өңірдің тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі мен тілдік ерекшеліктері жазушының көркем әлемінің негізгі іргетасын құрайды. Мо Ян өз шығармаларында туған жері Гаумиге деген терең рухани байланысын көркемдік дүниетанымының өзегі ретінде қарастырады. Шығарма тілінде Шаньдун аймақтық диалектісіндегі сөздер қолданысы да көп кездеседі.

Романда жергілікті ауызекі тіл, диалект сөздер, мақал-мәтелдер мен идиомалар кеңінен қолданылады. Бұл тілдік бірліктер көркем мәтінде тек стилистикалық құрал қызметін атқарып қана қоймай, ауыл адамдарының дүниетанымын, әлеуметтік тәжірибесін және мәдени жадын бейнелейтін танымдық кодтар ретінде көрінеді [12]. Жергілікті тілдік элементтер арқылы жазушы қарапайым ауыл тұрғындарының ойлау жүйесін, құндылықтар иерархиясын және өмір салтын табиғи әрі нанымды түрде ашады.

Романның бірқатар эпизодтарында халық әндері мен жергілікті жаргон, афоризмдерді қолданылуы жергілікті ауызекі тілдің көркемдік әлеуетін айқындай түседі. Мұндай қолданыстар кейіпкерлердің әлеуметтік ортасын, күнделікті тіршілігін және халықтық ойлау жүйесін экспрессивті түрде бейнелеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар автор өңірлік тілдік ерекшелікті күшейту мақсатында мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді жиі пайдаланады. Бұл идиомалар баяндаудың халықтық сипатын арттырып, оқиғаны қарапайым ауыл адамдарының таным-түсінігі тұрғысынан жеткізудің тиімді құралына айналады. Нәтижесінде жергілікті идиомалар романда мәдени-танымдық мазмұнға ие болып, өмір мен өлім, тағдыр мен төзім сияқты іргелі концептілерді бейнелеудің маңызды көркемдік механизмі ретінде көрініс табады. Олар шығарманың ұлттық болмысын айқындап, тарихи жады мен мәдени кодтарды сақтаушы тілдік құрал қызметін атқарады. Дыбысталуы мен графикалық формасы сәйкес келетін дыбыстар мен баламасы жоқ сөздер бұрынғы зерттеулерде де кездеседі, оны мағынаны толық ашу мақсатында мазмұны сәйкес аударма жасалады [12].

«Қытай диалект сөздігінің үлкен энциклопедиясы» негізінде роман мәтінінен алынған диалект сөздерді жинақтап талдағанда, қайталамай есептегенде шамамен *170 диалект сөзі* анықталды. Бұл сөздер төмендегідей категорияларға бөлінеді:

Кесте 1-1. «Өмір мен өлім азабы» романындағы диалект сөздердің жіктелуі.

Диалект түрі	Нақты мысалдар
Зат есімдер	白面饽饽, 杂合面, 屯, 麻子, 血胸膛, 盅, 墒沟, 堂屋, 庄户饭, 黄眇, 黄毛丫头, 银耗子, 夜猫子
Атаулар (апелляциялар)	他大婶, 俺孩他娘, 老子, 他爹, 重山哥哥, 老婶子, 姨太太, 掌柜的, 半大小子, 亲姊热妹, 俺
Етістіктер	抻, 擻, 攢, 揉, 擗, 揲, 揲, 揲, 困弄, 骗腿, 困觉
Сын есімдер	活泛, 牙碜, 气不忿儿, 倚里倚气, 筋道
Басқа	五冬六夏, 哩, 丝丝缕缕, 转节子

Айта кететін жайт бұл тізімдегі кейбір сөздер тек Шаньдун, Гаоми өңіріне тән болса, басқа сөздер кеңінен қолданылатын, ауыл ренкі айқын көрінетін тілдік бірліктер болып табылады. Мәселен, 屯 (tún – шаруашылық қорғаны), 大婶 (dàshěn – апа), 爹娘 (diēniáng – әке-ана), 麻子 (mázi – безек дақтары бар), 鸡巴 (jībā – дөрекі сөз) және 犁把子 (lí bǎzi – өрік тұтқасы) сияқты сөздер кеңірек қолданыстағы ауылдық сөздер қатарына жатады, және олар романның мәдени-танымдық мазмұнын байытатын жергілікті тіл элементтері ретінде қарастырылады.

Кесте 1-2. «Өмір мен өлім азабы» романындағы диалект сөздердің қазақша аудармасы мен түсіндірмесі

Диалект түрі	Түпнұсқа сөз (пиньинь)	Қазақша аудармасы / түсіндірмесі
Зат есімдер	白面饽饽 (báimiàn bōbo)	ақ ұннан жасалған ауыл наны / ақ бидай бауыры (диалект тағам атауы)
	杂合面 (záhémian)	аралас ұннан жасалған қамыр/ұлттық ауыл қамыры
	屯 (tún)	ауылдық қорғаныс не қойма (тұрмыстық құрылыс)
Диалект түрі	Түпнұсқа сөз (пиньинь)	Қазақша аудармасы / түсіндірмесі
	麻子 (mázi)	безеу дақтары/бет терісінің дақтары (дене белгісі)
	盅 (zhōng)	кішкентай құмыра/шағын ыдыс
	堂屋 (tángwū)	асхана/кинетін бөлме (ауыл үйінің басты бөлмесі)
	庄户饭 (zhuānghùfàn)	шаруаларға тән ауылдық тамақ
	黄眇 (huángchī)	ауылда «өткір көзді» бала
	黄毛丫头 (huángmáo yātou)	бойжеткен жас қыз
	银耗子 (yínhàozi)	күмістей тышқан (жыртқыш көрініс/атау)

Мо Янның «Өмір мен Өлім Азабы» романындағы жергілікті тілдің ...

	夜猫子 (yèmāozi)	түнгі бала/түнде оянатын адам
Атаулар	他大婶 (tā dàshěn)	сол ауылдағы үлкен апа
	俺孩他娘 (ǎn hái tā niáng)	менің баламның шешесі
	老子 (lǎozi)	мен/менің өзім (жаргондық өзі туралы айтылуы)
	他爹 (tā diē)	оның әкесі
	重山哥哥 (zhòngshān gēge)	Құрметті ағай
	老婶子 (lǎoshēnzi)	апа (әлденеше құрметтеу)
	姨太太 (yítàitai)	екінші әйел / әже
	掌柜的 (zhǎngguì de)	дүкен жақтағы адам
	半大小子 (bàndà xiǎozi)	жас жігіт/жартылай ересек бала
	亲姊妹 (qīn zǐ mèi)	туған әпке-қарындас
	俺 (ǎn)	мен (ауызекі меншіктеу)
Етістік	抻 (chēn)	созу/жіңішкерту
	搯 (léi)	ұнтақтау/тұрмыстық соғу
	攢 (guàn)	лақтырып тастау
	搽 (sǎng)	итеру
	摽 (biāo)	лақтыру
Диалект түрі	Түпнұсқа сөз (пиньинь)	Қазақша аудармасы / түсіндірмесі
	揼 (xuān)	итеру (қолмен)
	撇 (piē)	тастау/шығару
	团弄 (tuán nòng)	ойнату/домалау
	骗腿 (piàn tuǐ)	алдау/аяқтай тарту (игра сөз)
	困觉 (kùn jué)	ұйықтап қалу
Сын есім	活泛 (huófàn)	сергек, епті
	牙碜 (yáchěn)	ұнамсыз/діріл сөз
	气不忿儿 (qì bù fèn)	ашулы/ризасыз
	倚里倚气 (yǐlǐyǐqì)	дөрекі, күйлес сөйлеу
	筋道 (jīndào)	қатты/тығыз (тамақта/талшық)
Басқа	五冬六夏 (wǔ dōng liù xià)	барлық жыл мезгілдері («бірақ жалпақ сөз»)
	哩 (li)	«осы жерде» (жергілікті шылау)
	丝丝缕缕 (sī sī liǔ liǔ)	жұқа/теңіздей тұтас пішін

Диалект сөздердің барлығы бірдей тек белгілі бір өңір шеңберінде ғана қолданылмайды. Олардың бір бөлігі нақты аймаққа тән болса, екінші бір бөлігі ауылдық реңкі арқылы кең таралып, халықтың күнделікті сөйлеуде қолданады. Осы себепті мұндай лексемаларды тар мағынадағы диалект

бірліктері ретінде ғана емес, жергілікті ауызекі тілдің құрамдас бөлігі ретінде де қарастыру орынды.

### **Талқылау**

Романдағы бірқатар эпизодтарда халық әндері мен диалект сөздер, көне атаулар арқылы жергілікті ауызекі тілдің көркемдік ерекшелігі айқын көрініс табады. Бұл әндерде тұрмыстық лексикамен қатар өңірге тән диалект элементтер молынан кездесіп, кейіпкерлердің әлеуметтік жағдайын, өмір салтын және халықтық ойлау жүйесін табиғи түрде ашуға мүмкіндік береді. Мұндай қолданыстар көркем мәтінге өміршеңдік пен нанымдылық дарытып, баяндаудың ауызекі, халықтық сипатын күшейтеді.

Жергілікті ауызекі тілді зерттеу Қытай тіл білімінде соңғы жылдары дербес ғылыми бағыт ретінде зерттеліп келе жатыр, оның теориялық негіздері бұған дейін-ақ әртүрлі лингвистикалық салалар аясында қалыптасқан. Атап айтқанда, диалектология, фразеология, мақал-мәтелдер теориясы, мәдени-коннотативті лексика және тұрмыстық сөйлеу тілін зерттеу бағыттары жергілікті тіл құбылысының жекелеген қырларын ертерек кезеңдерден бастап қарастырған. Бұл зерттеулер көбіне нақты көркем мәтіндер мен аймақтық тілдік материалдарға сүйенді.

Әдеби тұрғыдан алғанда, жергілікті ауызекі тіл көркем шығармаларда маңызды стильдік қызмет атқарады. Ол өңірлік атмосфера қалыптастыруға, ұлттық және жерлік реңкті күшейтуге, кейіпкер бейнесін нақтылауға, оның мінез-құлқы мен әлеуметтік болмысын ашуға, сондай-ақ шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұнын тереңдетуге мүмкіндік береді.

Мо Янның «Өмір мен өлім азабы» романындағы нақты тілдік материалды негізге ала отырып, бұл зерттеуде жергілікті ауызекі тіл төрт негізгі топқа жіктеледі:

1. диалект сөздер;
2. тұрақты сөз орамдары мен идиомалар;
3. эмоционалды-экспрессивті реңкі бар тұрмыстық-ауызекі лексемалар;
4. халықтық өлең-жырлар.

Мұндай жіктеу роман тіліндегі жергілікті тілдік қабатты жүйелі түрде сипаттауға, сондай-ақ олардың мәдени-танымдық және прагматикалық қызметін кешенді түрде ашуға мүмкіндік береді.

Қытайдың географиялық ауқымының кеңдігі диалект түрлерінің көп болуына алып келді. Алайда жергілікті ауызекі тіл мен диалект арасындағы шекара әрдайым айқын бола бермейді: кейбір жағдайларда олар семантикалық ауқымы мен қызметі жағынан бір-бірімен қабаттасып жатады.

Мо Янның «Өмір мен өлім азабы» романындағы көркем тілдік құралдар (乡土语言) – ерекше тілдік құбылыс ретінде әдебиеттанушылар мен

аудармашылардың назарын аударған. Сондықтан оны зерттеу барысында стильдік, семантикалық және мәдени қырлар талқыланады. Романдағы ауылдық тіл Қытайдағы дәстүрлі тұрмысты, наным-сенімдер мен моральдық қағидаларды бейнелейді, сондай-ақ мәдени кодтарды жеткізудің маңызды факторы болып табылады.

**Мысал:** Ауыл әні

太阳一出照西墙，  
东墙西边有阴凉；  
锅灶里烧火炕头上热，  
仰着睡觉烫脊梁；  
稀粥烫嘴吹吹喝，  
行善总比为恶强；  
俺说这话您若不信，  
回家去问你的娘…

*Қазақша нұсқа аударма:*

Күн шықса, батыс қабырғаға түседі,  
Шығыс пен батыстың арасында сая бар;  
Қазан-ошақта от жанса,  
Пеш үсті ыстық – шалқасынан жатсаң, арқаң күйер.  
Сұйық көже ауызды күйдірсе, үрлеп ішерсің,  
Жақсылық жасау – жамандық қылудан әрқашан артық.  
Айтқаныма сенбесең,  
Үйіне барып, анаңнан сұра... [10].

*1. Стильдік ерекшеліктер*

Қытайша түпнұсқа мәтін ырғақты, қайталанымға және көркемдік құралдарға бай. Сөйлемдер ауызекі тілге тән құрылымда, тұрмыстық лексика қолданылады. Қазақша аудармада ырғақ, қайталаным сақталған, сөйлем құрылымы табиғи мағына мен ұйқас дұрыс сақталған. Түпнұсқадағы тұрмыстық бейнелер – күн сәулесі, ошақтың оты, көженің дәмі – қазақ тілінде де теңеулер мен бейнелі сөздер арқылы дәл жеткізілген. «锅灶» (ошақ), «炕» (төсек), «稀粥» (сұйық көже), «俺» (мен), «娘» (шеше) – бұл сөздер Шаньдунге тән диалект сөздер, ауылдың өмірін бейнелейді.

*2. Тұрмыстық мән және мәдени код*

Түпнұсқадағы бейнелер тұрмыстық контекстпен тығыз байланысқан: ошақ отының жылытуы, тағамның дәмі мен күйі, жақсылық пен жамандыққа қатысты моральдық салыстырулар. Қазақша аудармада бұл бейнелер қазақ ауыл тұрмысына сәйкес бейімделген. Екі тілде де ауызекі тілдің табиғи сипаты көрініс табады: диалект сөздер, тұрмыстық тіркестер және халық даналығы біріктіріліп, оқырманға ауылдық өмірдің шынайы көрінісін береді. Қазақ тұрмысында да пеш, ошақ атаулары кеңінен қолданады, сондықтан біздің танымға жат ұғым емес, ал қытайдың өзге провинциялық аумақтарында ол атаулар диалект болып саналады.

Тұрмыстық мән мен мәдени кодтар да сақталған. Мысалы, түпнұсқадағы «锅灶里烧火炕头上热» (ошақ отының жылытуы) және «行善总比为恶强» (жақсылық әрдайым жамандықтан артық) сияқты бейнелер қазақша нұсқада да дәл берілген, бұл аударма арқылы оқырманға мәдени және тұрмыстық контекст түсінікті болады.

«Өмір мен өлім азабы» романының қазақша аудармасы түпнұсқаның семантикасын, стильдік ерекшелігін және мәдени контекстін сақтай отырып, жергілікті тілдің байлығын, тұрмыстық тілдік кодтарды және халықтық дүниетанымды оқырманға түсінікті аударылған кейбір тіркестер. Мысалы «құлындаған даусым құраққа шығып», «көзіңді құзғын шұқып, соқыр боп қалғансың ба?» деген аудармалар мағына сақтаған, семантикасы дұрыс көрсетілген тіркестер.

Өңірлік реңкті күшейту үшін автор көптеген мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер және диалект сөздерін қолданады. Мұндай ауызекі тіл элементтері шығарманың халық көзқарасынан жазылғанын айғақтайды және Мо Янның ауыл адамдарының тұрмысын соншалықты дәл бейнелей алуына себеп болған [9]

*Мысал*, “小兔崽子, 你还我的牛胯骨”. *Қазақша нұсқа*: «Кішкентай құрт, менің сиыр омыртқамды қайтар!» [11, 125]. Бұл жерде «小兔崽子» – балағат сөз, бірақ қазақша балама да эмоциялық реңкті көрсету үшін «кішкентай құрт» деп аударады. Калька аудармада «оңбаған», «сүмелек», «сорақы», «иттің баласы» деген сөздермен сәйкес келеді, бірақ Шаньдун аймағындағы негізгі қолданысқа жақын қылып «кішкентай құрт» аудармасымен сәтті беріледі. Тағы бір *мысал*: 最后他画蛇添足般地端碗…… 敬祝合作与解放幸福圆满. *Қазақша нұсқа*: «...соңында, бәлкім артық болса да, оларға бақыт тілеп ыдысын ұсынды, ...»

«画蛇添足» – артық әрекет жасау деген мағынада; қазақша нұсқада «бәлкім артық болса да, ыдысын ұсынды» деп берілген. Мақалдың мәні сақталып, сөйлем құрылымы оқырманға түсінікті болу үшін жеңілдетілді. Ыдысын ұсыну, дәстүрлі қытай қоғамындағы бейбербалды сыйластық әрекеті. Қолындағы ыдысын басынан асыра жоғары көретіп, құрмет көрсету белгісі.

Жергілікті тіл элементтері – Қытай мәдениетінің асыл қазынасы, сондай-ақ халық өмірін ең шынайы бейнелейтін тілдік форма. Мазмұны бай, формасы әртүрлі болғандықтан, көптеген сарапшылар мен ғалымдардың назарын аударады. Автор «Өмір мен өлім азабындағы» жергілікті тілдерді талдап, ерекшеліктерін мынадай түрде қорытындылады:

1. *Қарапайым және халыққа тән*. «Топырақ» деген ауыл, туған жер деген мағынаны білдіреді, ол – халықтың тілдік шығармашылық жемісі болып табылады, әр сөз, әр сөйлем халықтың ой-пікірін көрсетеді. Қарапайымдылық – халықтың синонимі әрі ауылдық тілдің ең негізгі ерекшелігі болып табылады. Мысалы, Чэнь Дафудың әйелі босанған кезде автор «带丫把的» сөзін ұл бала туылғанын білдіру үшін қолданған; Си Мын

Нао сиыр болып қайта туылып, базарда сатылған кезде «子儿» сөзін ақша ретінде пайдаланған; мәтінде көптеген көне сөздер бар: «孙子», «奶奶个熊», «狗娘养的», «猪脑子», «王八蛋» және т.б. Бұл «халыққа тән» тіл батыл әрі әуезді, романды өмірге жақындатады және оқырманға Шаньдуннің ерекше мәдениетін тереңірек таныстырады.

2. *Аймақтық сипат өте күшті.* «Өмір мен өлім азабында» Шаньдун диалектісі арқылы Гаоми оқиғасы жазылған, мәтінде «杂合面», «铁鏊子», «热鏊子», «车轱辘话», «鏊羔子», «擻», «嫚» және «白面饽饽» сияқты ауылдық сипаттағы сөздер бар. Автор бұл ауылдық сөздерді романда қолдану арқылы романды аймақтық тілдік бояумен толықтырған.

«Өмір мен өлім азабы» романы халық пен жер арасындағы махаббат пен өшпенділік қайшылықтарын суреттейді, сондықтан жаңа Қытай құрылғаннан кейінгі Шаньдун өлкесі Гаоми қаласы халқының тұрмыстық өмірін бейнелеу үшін көптеген жергілікті тілдік элементтер қолданылған.

Жергілікті ауызекі тіл мен диалект ұғымдарының арақатынасы лингвистикада ұзақ уақыт бойы пікірталас нысаны болып келеді. Бұл қатынасты қамту сипатындағы (инклюзивті) байланыс ретінде қарастыруға болады: диалект жергілікті ауызекі тілдің құрамына енуі мүмкін, алайда жергілікті ауызекі тіл диалектілік бірліктермен ғана шектелмейді. Мұндай айырмашылық жергілікті ауызекі тілдің функционалдық және семантикалық икемділігін, сондай-ақ оның мәдени-танымдық әлеуетінің кеңдігін көрсетеді.

Мәселен, «石碾子» (shí gǔnzi) – астықты бастыруға арналған дәстүрлі халықтық құрал, «土围子» (tǔ wéizi) – тас пен топырақтан тұрғызылған қорғаныс қабырғасы. Бұл атаулар халықтың күнделікті сөйлеу тілінде жиі қолданылғанымен, тар мағынадағы диалект сөздер қатарына жатпайды, өйткені олар стандарт қытай тілінде де түсінікті және белгілі бір өңірмен қатаң шектелмейді. Дегенмен, ауыл шаруашылығы мен дәстүрлі тұрмысқа тән ұғымдарды білдіруіне байланысты, мұндай лексемалар жергілікті ауызекі тілдің құрамына еніп, халықтық мәдениеттің тілдік репрезентациясы ретінде қызмет атқарады.

Ал «白面饽饽» (báimiàn bōbo), «屯» (tún), «粮囤» (liáng tún) тәрізді атаулар екіұдай сипатқа ие: бір жағынан, олар өңірлік-диалектілік ерекшелікті көрсетсе, екінші жағынан, ауылдық өмір тәжірибесі мен дәстүрлі шаруашылық құрылымына негізделгендіктен, жергілікті ауызекі тілдің кеңірек қабатына да жатады. Сондықтан мұндай лексемаларды диалект пен жергілікті ауызекі тіл арасындағы өтпелі, аралық бірліктер ретінде қарастыруға болады.

Мо Янның «Өмір мен өлім азабы» романындағы оқиғалар негізінен Шаньдун провинциясының Гауми уезі аумағында өрбиді. Географиялық орналасуына байланысты Шаньдун диалектісі көбіне Солтүстік Қытай (北方方言) диалектілер тобына жатқызылады. Мо Ян шығармаларындағы

жергілікті ауызекі тілдің ұлттық әдеби кеңістікке табиғи түрде енуіне және оқырманға түсінікті болуына ықпал етеді.

Мо Янның «Өмір мен өлім азабы» романында кездесетін мынадай тілдік бірліктер осы құбылысты айқын көрсетеді:

白面饽饽 – ақ бидай ұнынан жасалған дәстүрлі тағам (бауырсақ);

屯 – ауылдағы азық-түлік сақталатын қойма;

大婶 – белгілі бір әйелге қатысты қолданылатын, туыстық-әлеуметтік мәні бар атау;

抻, 擀 – ауылдық тұрмыста жиі қолданылатын әрекет атаулары.

Романда автор кейбір жалпыға белгілі идиомаларды жергілікті ауызекі тіл нормасына бейімдеп, оларды ауылдық реңкі бар нұсқада ұсынады. Мәселен:

隔墙有耳 («Қабырғаның құлағы бар») → 茅厕里说话, 墙外有人听

(«Әжетханада сөйлессең, қабырға сыртында тыңдаушы бар»);

不说话没人把你当哑巴 («Сөйлемесең, ешкім сені мылқау деп ойламайды») →

闭上你的臭嘴, 没人把你当哑巴卖了!

(«Тотығыңды жап, ешкім сені мылқау деп сатып жібермейді!»).

Мұндай тұрақты тіркестерді қарапайым халыққа жақындатып, мәтіннің ауызекі, тұрмыстық сипатын күшейтеді. Сонымен қатар олар кейіпкерлердің эмоциялық күйін, әлеуметтік қарым-қатынасын және ауылдық ортаға тән сөйлеу мәдениетін нақты көрсетеді.

Романда Шаньдун өңіріне тән бірқатар тұрақты тіркестер де кездеседі. Мысалы:

三九天的大葱, 根枯皮干心不死 – «Үш тоғыз күннің пиязы: тамыры құрғап, қабығы кеуіп тұрса да, өзегі өлмеген», яғни сырттай әлсірегенімен, ішкі ниет пен табандылықтың сақталуын білдіреді;

石头蛋子腌咸菜, 油盐不进 – «Тас жұмыртқаны тұздағандай, май да, тұз да сіңбейді», яғни қандай да бір адамды немесе жағдайды ешбір тәсілмен өзгерту мүмкін еместігін бейнелейді.

Аталған тұрақты тіркестер Шаньдун өңіріне тән халықтық ойлау жүйесін, тұрмыстық философияны және мінез-құлық стереотиптерін көрсетеді. Олар мәтінге ауыл өмірінің шынайы көрінісін енгізіп, романның халықтық әрі ұлттық сипатын күшейтеді. Осылайша, жергілікті тұрақты тіркестер Мо Ян прозасында тек тілдік құрал ғана емес, мәдени-танымдық мазмұнды жеткізетін маңызды көркем элемент ретінде қызмет атқарады.

Кесте 1-3. Жергілікті тұрақты тіркестер қазақша аудармасымен

Түпнұсқа (қытайша)	Қазақша аудармасы	Функциясы/ерекшелігі
白面饽饽	Ақ бидай ұнынан жасалған бауырсақ	Диалект сөз, ауылдық тағам, жергілікті тұрмыс көрінісі

Мо Янның «Өмір мен Өлім Азабы» романындағы жергілікті тілдің ...

屯	Азық-түлік қоймасы	Диалект сөз, ауылдық өмір салты
Түпнұсқа (қытайша)	Қазақша аудармасы	Функциясы/ерекшелігі
他大婶	Белгілі бір әйелге арналған атау	Диалект сөз, әлеуметтік-әлеуметтік реңк
抻、擀	Ауызша тұрмыстық етістіктер	Экспрессивті тұрмыстық сөздер, ауылдық әрекет сипаттау
隔墙有耳 → 茅厕里说话，墙外有人听	«Әжетханада сөйлесен, қабырға сыртында тыңдаушы бар»	Тұрақты тіркес, идиома бейімделген, халықтық даналықты көрсету
不说话没人把你当哑巴 → 闭上你的臭嘴，没人把你当哑巴卖了!	«Тотығынды жап, ешкім саған саңырау деп қарамайды»	Тұрақты тіркес, ауылдық сөйлеу ерекшелігі, экспрессивтілік
三九天的大葱，根枯皮干心不死	«Үш тоғыз күннің пиязы: тамыры құрғап, қабығы кеуіп, ішінде өлім жоқ»	Тұрақты тіркес, Шаньдун мәдениетін көрсету, өміршеңдік пен табандылық символы
石头蛋子腌咸菜，油盐不进	«Тас жұмыртқаны тұздағандай, май мен тұз кірмейді»	Тұрақты тіркес, әдіспен сендіру мүмкін еместігін бейнелеу, халықтық ойлау

Мо Янның «Өмір мен өлім азабы» романында жергілікті диалект сөздер мен идиомалар ауылдық өмірдің шынайылығын, мәдени ерекшелігін және кейіпкерлердің мінез-құлқын көрсету үшін маңызды құрал ретінде қызмет атқарады. Романда кездесетін диалект сөздер, тұрақты тіркестер мәтіннің мәдени-танымдық мазмұнын байытады. Мысалы, «帶丫把的» тіркесі бала туылуын білдіретін қарапайым ауылдық тіркес болып, «балалы» немесе «ұл бала туған» деп аударылған. Бұл аударма тек мағынаны сақтап қана қоймай, қазақ оқырманына дәстүрлі отбасылық құрылым мен әулеттің жалғасуы идеяларын жеткізеді. Сол сияқты, «子儿» сөзі ауылдық тұрмыста ақша немесе сауда-саттықты білдіреді. Қазақ тіліндегі аудармасы «ақша» болып, мағыналық және мәдени сәйкестік сақталған, бұл тіркес арқылы оқырман ауыл тұрғындарының шаруашылығы мен сауда дәстүрімен кеңірек таныса түседі.

Романдағы мына тіркестер («孙子», «奶奶个熊», «狗娘养的», «猪脑子», «王八蛋») кейіпкерлердің ашу-ызасын, эмоциялық реакциясын және әлеуметтік қатынасын айқын көрсетеді. Қазақша аудармасы «аттөк», «иттің баласы», «шошқаның мидығы» сияқты тіркестер арқылы беріледі, бұл түпнұсқаның эмоционалдық және мәдени реңкін сақтай отырып, ауылдық ортадағы күнделікті шынайылықты оқырманға жеткізеді. Мұндай сарқит сөздер арқылы автор ауыл өмірінің ашықтығын, кейде әзіл-қалжыңға толы табиғи көңіл-күйін көрсетуге мүмкіндік алады.

Жалпы алғанда, диалект сөздер мен идиомалардың аудармасы романның мәдени-танымдық мазмұнын сақтауға, кейіпкерлердің әлеуметтік жағдайын, тұрмыс ерекшеліктерін және ұлттық дүниетанымын көрсетеді

Мысалы:

• 杂种 (зачжун), 野杂种, 狗杂种 – адамға бағытталған дөрекі сөздер, басқаларды төмендету және жануардан жоғары тұру дегенді білдіреді;

• 破鞋, 骚货 – дәстүрлі әйелдік мінез-құлыққа сай келмейтін әйелдерді сипаттап, ер адамның үстемдігін көрсетуге қызмет етеді;

• 操你妈, 我日你祖宗, 鸡屁眼子, 我操你们这些王八蛋的亲娘 – ашық тілдік формалар, Шаньдун халқының батыл, тік мінезін бейнелейді.

Мысал: 换上新的铁蹄之后, 它四蹄轻快, 一路如风般飞奔; 忘却了前世的种种不顺, 西门欢快而轻松地骑在驴背上; 他昂起头, 对着天空放声呼喊: “啊—哦~~啊—哦~~啊—哦~~”. Аудармасы:

«Жана темір таяқшаларын таққан соң төрт аяғы жеңіл, жол бойы желдей жылдам жүгіреді; алдыңғы өмірдегі сәтсіздіктерді ұмытып, Сымэнь есекке қуанышпен және жеңілдікпен мінеді; басын көтеріп аспанға айқайлайды, аа-о~~ аа-о~~ аа-о~~»

Мұнда Си Мын НАО есектің жаңа темір табанын таққаннан кейінгі көңіл-күйі бейнеленеді. Сонымен қатар, Си Мын НАО есек өміріне үйренгенін көрсетеді.

Романда жиі кездесетін ұғымдар: «Ямаража» (Өлім патшасы), «Сиырбас мен Атбас» (өлілер әлемінің күзетшілері), «Жер рухының храмы». Қазақ тілінде бұлардың тікелей баламасы жоқ, сондықтан аудармашылар тікелей аударған, ал төл нұсқа тілде бұл атаулардың поэтикалық, философиялық мәні бар.

Қытайдың кең аумағы әртүрлі өңірлік мәдениеттерге бай, және бұл ерекшеліктер дәстүрлі әдет-ғұрыптарда айқын көрінеді. «Өмір мен өлім азабы» романында бірнеше маңызды дәстүр суреттеледі:

• *Жерлеу рәсімдері* – ауыл тұрғындарының өлімге қатынасы, рухани дәстүрлері мен отбасылық міндеттері бейнеленеді.

• *Үйлену салттары* – ауыл өміріндегі некелік қатынастар мен отбасылық құрылым көрсетіледі.

• *Ауыл шаруашылығының маусымдық дәстүрлері* – егіншілік, мал шаруашылығы, еңбекке қатысты мерекелік салт-дәстүрлер романдағы күнделікті тұрмысқа енгізілген.

• *Жерге қатысты ырымдар мен тыйымдар* – табиғатқа және жерге қатысты дәстүрлі сенімдер, халықтық ырымдар романдағы ауылдық нақышты күшейтеді.

Осы этнографиялық сипаттамалар романға *терең ұлттық колорит*, ауыл өмірінің шынайы бейнесін береді.

Мысал 1

Түпнұсқа: 土地庙, 关帝庙

Талдау:

土地庙 – жер рухына арналған жергілікті ғибадатхана;

关帝庙 – Гуань Юй батырын ұлықтайтын храм.

Мо Ян романда жерлеу рәсімдерін, үйлену әдет-ғұрыптарын,

шаруашылық күнтізбесін және жерге байланысты ырымдарды нақты жазады.

Диалект сөздер тек белгілі бір өңірде қолданылады және олардың тура аудармасы сирек кездеседі. Мысалы, 熬大鷹 тіркесі жабайы қыранды бірнеше күн бойы жүйкесін тоздыру арқылы үйрету тәсілін сипаттайды, бірақ контекстте кейіпкердің жан қысымына түсуін білдіреді. Сол сияқты 小兔崽子 балағат сөз ретінде эмоциялық реңкті жеткізеді, ашулы кейіпкердің күйін айқын көрсетеді. Мұндай диалект сөздер оқырманға ауылдық ортаның сезімдік және әлеуметтік ерекшелігін таныстырады.

Фразеологизмдер мен тұрақты тіркестер де романға ерекше мән береді. Мысалы, 鸡毛拌韭菜 тіркесі қатынастың шатастық сипатын бейнелейді, ал 画蛇添足 мақал-мәтелі «артық ету» дегенді білдіріп, автордың ирониялық мағынасын жеткізеді.

Халықтық дәстүрлер мен күнтізбелік іс-әрекеттер де аудармада маңызды рөл атқарады. Мысалы, 冲喜 дәстүрі ауыр науқасты қуанышпен сейілту мағынасын береді, ал 三月扶犁, 四月播种, 五月割麦, 六月栽瓜 тіркесі ауылшаруашылық күнтізбесін, әр айдағы егіншілік әрекеттерді көркем бейнелейді. Аудармашы бұл элементтерді түсіндірмелі түрде бере отырып, мәдени бос орынды толықтырады.

Романдағы балағат сөздер мен сарқит сөздер (мысалы, 杂种, 狗杂种, 破鞋) кейіпкерлердің ашуын, эмоциялық күйін және әлеуметтік реңкін білдіреді. Олар ауылдық тілдің батылдығын, тікелейлігін көрсетіп, оқырманға Шаньдун Гаоми аймағының мәдени ерекшелігін сезіндіреді. Ал халықтық әндер мен өлең-жырлар, мысалы, Сымэнь есектің жаңа темір табанын таққандағы мінез-құлқын сипаттайтын әндер, ауылдық өмірдің эмоционалды бейнесін толықтырып, романды халықтық реңкімен байытады және ұлттық колорит береді.

### **Қорытынды**

Зерттеу барысында Мо Янның «Өмір мен өлім азабы» романындағы жергілікті ауызекі тіл бірліктерінің көркемдік және мәдени-танымдық қызметі анықталды.

Зерттеу нәтижесінде жергілікті ауызекі тіл бірліктері төрт топқа жіктеліп, олардың кейіпкер мінезін ашу, әлеуметтік қатынасты бейнелеу, аймақтық колорит қалыптастыру және мәдени мазмұнды жеткізу қызметтері сараланды.

Зерттеу жергілікті ауызекі тіл мен диалект арасындағы шекараның әрдайым нақты бола бермейтінін және кейбір тілдік бірліктердің аралық сипатта қолданылатынын көрсетті. Алынған нәтижелер көркем аудармадағы мәдени кодтарды жеткізу мәселесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және болашақ зерттеулерде диалект пен идиомалардың аудармадағы трансформациясын арнайы қарастыруға негіз бола алады.

### ӘДЕБИЕТ

- [1] Kazakh Wikipedia <https://surl.li/sfgzas>
- [2] Xiaoping Gao. Teachers' perceptions of effective strategies for developing intercultural competence // *Global Chinese* – 2020. – № 6(2). – Pp.333-358.
- [3] 都翔蕤. 外国文学在中国的传播与文化动态 [J]. 北京大学学报 (哲学社会科学版). – 2021. – №57 (4). – Pp.67-75.
- [4] Ding R., & Wang L. Mo Yan's style in using colour expressions and Goldblatt's translation strategies: A corpus-based study // *Asia Pacific Translation and Intercultural Studies*,. – 2017. – №4(2). – Pp.117-131.
- [5] Дой Цзин. Языковые особенности наименований в произведении Мо Яня «Сорок одна хлопושка» // *Вестник науки*. – 2020. <https://cyberleninka.ru>.
- [6] Newmark P. *Approaches to Translato*. – Shanghai: Shanghai Foreign Language Education Press, 2001. <https://www.scirp.org/reference/referencespapers?referenceid=1937158>.
- [7] Venuti L. *The Translator's Invisibility: A History of Translation*. – London: Routledge, 1995. <https://www.scirp.org/reference/referencespapers?referenceid=1546058>.
- [8] Berman A. *The Experience of the Foreign: Culture and Translation in Romantic Germany* [M]. – Albany: SUNY Press, 1999. <https://archive.org/details/experienceoffore0000berm>.
- [9] Wilss W. *The Science of Translation: Problems and Methods*. <https://archive.org/details/scienceoftransla0000wils/page/n9/mode/2up>.
- [10] Мо Ян. Өмір мен өлім азабы. (Қытай тілінен аударған Ж. Мұхамедқан, Д. Әлімақын). – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 736 б.
- [11] Қойбақова А.С., Қалибекұлы Қ. Қытай онимдерін қазақ латын графикасында трансформациялау мәселесі // *Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы*. – 2022. – № 2 (65). – Б.83-100. <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/355/135>
- [12] Sabirova M., Kalibekuly T. , & Jeldybayeva R. Linguocultural aspect of phraseological units (Guanyongyu) in modern Chinese language // *Global Chinese*/2024. – № 10(2). – Pp.155-173. <https://doi.org/10.1515/glochi-2024-0016>

### REFERENCES

- [1] Kazakh Wikipedia <https://kk.wikipedia>
- [2] Xiaoping Gao. Teachers' perceptions of effective strategies for developing intercultural competence // *Global Chinese* – 2020. – № 6(2). – Pp.333–358.
- [3] 都翔蕤. 外国文学在中国的传播与文化动态 [J]. 北京大学学报 (哲学社会科学版). – 2021. – №57 (4). – Pp.67-75. [in Chinese.].

[4] Ding R., & Wang L. Mo Yan's style in using colour expressions and Goldblatt's translation strategies: A corpus-based study // *Asia Pacific Translation and Intercultural Studies*. – 2017. – №4(2). – Pp.117–131.

[5] Dou Tszin. Iazykovye osobennosti naimenovaniy v proizvedenii Mo Iania «Sorok odna khlopushka» [Linguistic Features of Proper Names in the Novel Forty-One Firecrackers by Mo Yan] // *Vestnik nauki*. – 2020. <https://cyberleninka.ru>. [in Rus.].

[6] Newmark P. *Approaches to Translation*. – Shanghai: Shanghai Foreign Language Education Press, 2001. <https://www.scirp.org/reference/referencespapers?referenceid=1937158>.

[7] Venuti L. *The Translator's Invisibility: A History of Translation* [M]. – London: Routledge, 1995. <https://www.scirp.org/reference/referencespapers?referenceid=1546058>.

[8] Berman A. *The Experience of the Foreign: Culture and Translation in Romantic Germany* [M]. – Albany: SUNY Press, 1999. <https://archive.org/details/experienceoffore0000berm>.

[9] Wilss W. *The Science of Translation: Problems and Methods* [M]. <https://archive.org/details/scienceoftransla0000wils/page/n9/mode/2up>.

[10] Mo Ian. Ómir men ólim azaby. (Qytaı tilinen aýdargan J. Muhamedqan, D. Álimaqn). [Life and Death Are Wearing Me Out. (Translated from Chinese by Zh. Mukhamedkan and D. Alimaqn).]. – Nur-Sultan: Foliant, 2021. – 736 b. [in Kaz.].

[11] Qoibaqova A.S., Qalibekuly Q. Qytaı animderin qazaq latyn grafikasynda transformasualau máselesi [The Issue of Transforming Chinese Product Names into the Kazakh Latin Script] // *Abylai han atyndaǵy QazHq jáne ÁTU Habarshysy. «Filologiya ǵylymdary» seriasy*. – 2022. – № 2 (65). – B.83-100. <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/355/135>. [in Kaz.].

[12] Sabirova M., Kalibekuly T., & Jeldybayeva R. Linguocultural aspect of phraseological units (Guanyongyu) in modern Chinese language // *Global Chinese*/2024. – № 10(2). – Pp.155-173. <https://doi.org/10.1515/glochi-2024-0016>

## **ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ПОТЕНЦИАЛ МЕСТНОЙ РЕЧИ В РОМАНЕ МО ЯН «УСТАЛ РОЖДАТЬСЯ И УМИРАТЬ»: КУЛЬТУРНО- КОГНИТИВНЫЙ АНАЛИЗ И КАЗАХСКИЙ ПЕРЕВОД**

Дәнкей Б.<sup>1</sup>, Талғатқызы Г.<sup>2</sup>, \*Джельдыбаева Р.Б.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Казакский национальный университет имени аль-Фараби  
Алматы, Казакстан

<sup>2</sup>Институт языкознания имени А. Байтурсынулы, Алматы, Казакстан

<sup>\*3</sup> КазУМО и МЯ имени Абылай Хана, Алматы, Казакстан

**Аннотация.** Творчество видного китайского писателя Мо Ян, особенно роман «Мучение жизни и смерти», отличается художественным

воплощением – через национально-языковую картину мира – многослойного характера историко-социальных изменений в китайском обществе и сложной природы сельского пространства. Аллегорическая система перерождений, проявляющаяся в композиции романа, элементы буддийско-мифологического мировосприятия, а также широкое использование народного языкового материала углубляют художественную структуру текста и выводят его на философско-антропологический уровень. Идея перерождения не замыкает судьбу персонажа в пределах одного временного круга, а позволяет показать преемственность смены поколений и исторических периодов, непрерывное движение фундаментальных бинарных оппозиций – вина-наказание, жизнь-смерть, справедливость-беззаконие. В этом художественном мире мифо-религиозный пласт и социальная реальность взаимно переплетаются, формируя посредством языковых средств изображения единое смысловое поле.

В связи с этим диалектная лексика, пословицы и поговорки, устойчивые выражения, разговорно-экспрессивные единицы, а также образцы народных песен и стихов в романе требуют специального анализа как ключевые лингвокультурные механизмы, раскрывающие национальную самобытность произведения. Цель исследования – определить культурно-познавательные функции единиц местной разговорной речи в романе «Мучение жизни и смерти» (диалектные слова, идиомы и устойчивые выражения, эмоционально-экспрессивные лексемы, народные стихотворно-песенные тексты) и в сравнительном аспекте описать особенности их передачи в казахском переводе. В соответствии с поставленной целью в работе рассматриваются семантическая структура языковых единиц, их оценочно-экспрессивная окраска, контекстуальные функции и культурно-аллюзивное содержание, а также степень смыслового соответствия между оригиналом и переводом. В качестве методологической основы используются концептуальный анализ (выявление культурно-познавательных понятий и концептосфер), семантический анализ (описание компонентов значения и контекстных модификаций), компаративный анализ (сопоставление соответствий оригинал–перевод); в результате систематизируются функции языкового слоя в художественном тексте и способы достижения переводческой эквивалентности.

Результаты исследования позволяют упорядочить локальный языковой пласт в китайском художественном тексте, уточнить механизмы передачи культурных кодов средствами языка и расширить научную базу оценки культурно-познавательной эквивалентности в переводоведении. Кроме того, полученные выводы помогают определить, какие приёмы наиболее эффективны при переводе единиц, насыщенных национально-культурным содержанием, в каких случаях возникает смысловая потеря и какие функциональные эквиваленты способствуют сохранению языкового колорита художественного текста.

**Ключевые слова:** роман, идиома, произведение, китайский язык, местная речь, национальный код, семантика, художественный текст

**THE ARTISTIC POTENTIAL OF VERNACULAR LANGUAGE  
IN MO YAN'S NOVEL «LIFE AND DEATH ARE WEARING ME  
OUT»: A CULTURAL-COGNITIVE ANALYSIS AND THE KAZAKH  
TRANSLATION**

Dankey B.<sup>1</sup>, Talgatkyzy G.<sup>2</sup>, \*Jeldybaeva R.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

**Abstract** The works of the prominent Chinese writer Mo Yan, especially the novel *Life and Death Are Wearing Me Out*, stand out for their artistic representation – through a national linguistic worldview – of the multilayered nature of historical and social changes in Chinese society and the complex realities of rural space. The novel's composition, marked by an allegorical system of reincarnation, elements of Buddhist and mythological consciousness, and extensive use of folk linguistic material, deepens its artistic structure and elevates the text to a philosophical and anthropological level. The idea of reincarnation does not confine the protagonist's fate within a single temporal frame; instead, it reveals the continuity of generational change and historical periods, as well as the ongoing dynamics of fundamental binary oppositions such as guilt and punishment, life and death, and justice and injustice. Within this artistic universe, the mythic-religious layer and social reality intertwine, forming a unified semantic field through linguistic modes of representation.

Accordingly, dialect words, proverbs and sayings, set expressions, colloquial and expressive vocabulary, as well as folk songs and poetic forms in the novel require focused analysis as key linguistic and cultural mechanisms that reveal the work's national identity. The aim of the study is to identify the cultural and cognitive functions of local colloquial language units in the novel *Life and Death Are Wearing Me Out* (dialect words, idioms and set expressions, emotional and expressive lexemes, folk verse and songs) and to comparatively describe the specific features of their rendering in the Kazakh translation. In line with this aim, the research examines the semantic structure of these units, their evaluative and expressive colouring, contextual functions, and cultural allusive content, and assesses the degree of semantic equivalence between the source text and the translation. Methodologically, the study employs conceptual analysis (to identify cultural-cognitive notions and conceptual fields), semantic analysis (to describe meaning components and contextual variation), and comparative analysis (to compare source-translation correspondences); as a

result, the functions of the linguistic layer in the literary text and the pathways of translational equivalence are systematised.

The findings contribute to systematising the local linguistic layer in Chinese literary texts, clarifying mechanisms through which cultural codes are conveyed by language, and expanding the scholarly basis for evaluating cultural-cognitive equivalence in translation studies. In addition, these conclusions help determine which strategies are most effective for translating units rich in national-cultural content, under what conditions semantic loss occurs, and which functional equivalents best preserve the linguistic colour of a literary text.

**Keywords:** novel, idiom, a piece of work, Chinese language, local speech, national code, semantics, literary text

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 12.03.2026.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Дәнкей Бакнар – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Шығыстану факультеті, қытайтану кафедрасы, 1 курс докторнаты, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0008-0485-6873>, e-mail: [bahnar786@gmail.com](mailto:bahnar786@gmail.com)

Талғатқызы Гулнара – философия докторы (PhD), А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-9312-6651>, e-mail: [gulalyzhan@mail.ru](mailto:gulalyzhan@mail.ru)

Джельдыбаева Раушан Базикенқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, Алматы, Қазақстан, ORCID: 0000-0002-3912-3054 e-mail: [nawrao@mail.ru](mailto:nawrao@mail.ru)

***Информация об авторах:***

Данкей Бакнар – Казахский национальный университет имени аль-Фараби, докторант 1 курса факультета востоковедения, кафедра китаеведения, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0008-0485-6873>, e-mail: [bahnar786@gmail.com](mailto:bahnar786@gmail.com)

Талғатқызы Гулнара – доктор философии (PhD), Институт языкознания имени А.Байтұрсынұлы, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-9312-6651>, e-mail: [gulalyzhan@mail.ru](mailto:gulalyzhan@mail.ru)

Джельдыбаева Раушан Базикенқызы – кандидат филологических наук, КазУМО и МЯ имени Абылай Хана, Алматы, Казахстан, ORCID: 0000-0002-3912-3054 e-mail: [nawrao@mail.ru](mailto:nawrao@mail.ru)

***Information about the authors:***

Dankey Baknar – al-Farabi Kazakh National University, a first-year PhD

student of faculty of Oriental Studies, department of Chinese Studies, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0008-0485-6873>, e-mail: [bahnar786@gmail.com](mailto:bahnar786@gmail.com)

Talgatkyzy Gulnara – Doctor of Philosophy (PhD), A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-9312-6651>, e-mail: [gulalyzhan@mail.ru](mailto:gulalyzhan@mail.ru)

Jeldybaeva Raushan – Candidate of Philological Sciences, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, ORCID: 0000-0002-3912-3054 e-mail: [nawrao@mail.ru](mailto:nawrao@mail.ru)